

Қостанай ауданы әкімдігінің мемлекеттік мекемелерінің ережелерін бекіту туралы

Қостанай облысы Қостанай ауданы әкімдігінің 2022 жылғы 12 шілдедегі № 522 қаулысы.

Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік - процестік кодексінің 40 - бабының 2 және 3 - тармақтарына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін - өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 31 - бабына және "Мемлекеттік органдар мен олардың құрылымдық бөлімшелерінің қызметін ұйымдастырудың кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 1 қыркүйектегі № 590 қаулысына сәйкес, Қостанай ауданы әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қостанай ауданы әкімдігінің мемлекеттік мекемелерінің Ережелері осы қаулының қосымшаларына сәйкес бекітілсін.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң күшіне енеді.

Аудан әкімі

Ж. Таукенов

Қостанай
ауданы әкімдігінің
2022 жылғы "12" шілдедегі
№ 522 қаулысымен
бекітілді

"Қостанай ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі туралы ереже

1. Жалпы ережелер

1. "Қостанай ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі әкімнің және Қостанай ауданының жергілікті атқарушы органының қызметін қамтамасыз ету саласында басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

2. "Қостанай ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі мынадай ведомствосы - Қостанай ауданы әкімдігінің "Ахуалдық орталық" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

3. "Қостанай ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай - ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4. "Қостанай ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі ұйымдық - құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрі мен

мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай - ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

5. "Қостанай ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі азаматтық - құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

6. "Қостанай ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі егер заңнамаға сәйкес осыған уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық - құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

7. "Қостанай ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі өз құзыретіндегі мәселелер бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен "Қостанай ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

8. "Қостанай ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің құрылымы мен штат санының лимиті қолданыстағы заңнамаға сәйкес бекітіледі.

9. Заңды тұлғаның орналасқан жері: 111100, Қазақстан Республикасы, Қостанай облысы, Қостанай ауданы, Тобыл қаласы, Тәуелсіздік көшесі, 65.

Мемлекеттік органның толық атауы – "Қостанай ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі.

10. Осы Ереже "Қостанай ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің құрылтай құжаты болып табылады.

11. "Қостанай ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің қызметін қаржыландыру жергілікті бюджеттен жүзеге асырылады.

12. "Қостанай ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесіне кәсіпкерлік субъектілерімен "Қостанай ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

Егер "Қостанай ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесіне заңнамалық актілермен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда осындай қызметтен алынған кірістер мемлекеттік бюджеттің кірісіне жіберіледі.

2. Мемлекеттік органның міндеттері мен өкілеттіктері

13. Міндеттері:

1) мемлекеттік егемендікті, конституциялық құрылысты қорғау және нығайту, Қазақстан Республикасының қауіпсіздігін, аумақтық тұтастығын қамтамасыз ету бойынша Қазақстан Республикасы Президентінің саясатын өмірге енгізу;

2) заңдылықты және құқықтық тәртіпті нығайту, азаматтардың құқықтық таным деңгейін арттыру және елдің қоғамдық - саяси өмірінде олардың белсенді азаматтық көзқарас ұстануы бойынша шараларды жүзеге асыру;

3) аудандағы мемлекеттік, әлеуметтік - экономикалық саясаттың негізгі бағыттарын жүзеге асыру және әлеуметтік - экономикалық үдерістерді басқару, осы мақсатта барлық атқарушы билік органдарының келісіп қызмет етуін қамтамасыз ету;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де міндеттер болып табылады.

14. Өкілеттіктер:

Құқықтар:

1) өз құзыреті шегінде мемлекеттік органдардың лауазымды тұлғаларынан және басқа да ұйымдардан қажетті ақпаратты, құжаттарды және өзге де материалдарды сұрату және алу;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де құқықтар мен міндеттерді жүзеге асыру;

Міндеттер:

1) аудан аумағында орналасқан ұйымдардың басшыларына өз құзыретіндегі мәселелер бойынша қажетті тапсырмалар беру;

2) тиісті аумақта басқару тиімділігін арттыру мәселелері бойынша басқа мемлекеттік басқару органдарымен, қоғамдық өзін - өзі басқару органдарымен және басқа да ұйымдармен өзара іс - қимыл жасау.

15. Функциялар:

1) жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын ауданның атқарушы органдарының, қала және ауылдық округ әкімдерінің жұмысын талдау;

2) аудан әкімінің және әкімдігінің қызметін бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау, Қостанай ауданы әкімінің ресми сайты қолдауды және дамытуды қамтамасыз ету;

3) аудан әкімі аппаратының құрылымдық бөлімшелерінде, қала және ауылдық округ әкімдері аппараттарында атқарушы тәртіп жағдайын талдау;

4) аудан әкімі мен әкімдігінің орталық мемлекеттік органдардың аумақтық бөлімшелерімен, мемлекеттік емес бірлестіктермен өзара іс-қимылын қамтамасыз ету;

5) аудан әкіміне бағынысты мемлекеттік басқару органдарының өзара іс-қимылын және қызметін үйлестіруді қамтамасыз ету;

6) Қазақстан Республикасы Президентінің, Үкіметінің және орталық мемлекеттік органдарының, сондай - ақ облыс, аудан әкімінің және әкімдігінің актілері мен тапсырмаларының орындалуын бақылауды жүзеге асыру;

7) аудан әкімінің және әкімдігінің іс қағаздарын, оның ішінде құпия іс қағаздарын нормативтік құқықтық актілерінің талаптарына сәйкес ұйымдастыру және жүргізу;

8) жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін, оның ішінде мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша өтініштерін есепке алуды және қарауды қамтамасыз ету, аудан әкімінің және әкімдік мүшелерінің жеке тұлғаларды және заңды тұлғалардың өкілдерін жеке қабылдауды өткізуді ұйымдастыру;

9) жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органдар көрсететін мемлекеттік қызметтердің сапасын арттыруды қамтамасыз ету, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын ішкі бақылау;

10) жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органдардың Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет туралы заңнамасын орындауы жөніндегі қызметін үйлестіру;

11) туу туралы куәліктерді беру кезінде жеке сәйкестендіру нөмірлерін қалыптастыру;

12) өз құзыреті шегінде гендерлік саясатты іске асыру;

13) аудан әкімдігінің отырыстарын, аудан әкімі мен оның орынбасарларының кеңестерін, семинарлар мен өзге де іс-шараларды дайындауды және өткізуді жоспарлау және ұйымдастыру, кеңестердің материалдары мен хаттамаларын ресімдеуді және таратуды жүзеге асыру;

14) аудан әкімінің, әкімдік мүшелерінің тапсырмасы бойынша құзыреті шегінде тексерулер жүргізу, қажет болған жағдайда тиісті лауазымды тұлғалардың ауызша түсініктемелерін тыңдау және жазбаша түсініктемелерін талап ету;

15) аппараттың мемлекеттік қызметшілерін және облыстық бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органдардың басшыларын даярлауды және қайта даярлауды үйлестіру;

16) аппараттың мемлекеттік қызметшілерін және облыстық бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органдардың басшыларын аттестаттауды ұйымдастыру және өткізу;

17) мемлекеттік мекеменің ақпараттандыру деңгейін арттыру және жүйелерін дамыту бойынша, жұмыстың тәсілі мен әдістерін жақсарту, жаңа ақпараттық - коммуникациялық технологияларды енгізу бойынша жұмыстар жүргізу;

18) мемлекеттік наградалармен, облыс/аудан әкімінің грамоталарымен марапаттауға ұсыну үшін құжаттарды дайындауды ұйымдастыру;

19) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес сайлауды өткізу мәселелері бойынша ұйымдастырушылық дайындықты және іс - шараларды жүзеге асыру;

20) алынып тасталды - Қостанай облысы Қостанай ауданы әкімдігінің 01.08.2023 № 656 қаулысымен (қабылданған сәттен бастап күшіне енеді);

21) алынып тасталды - Қостанай облысы Қостанай ауданы әкімдігінің 01.08.2023 № 656 қаулысымен (қабылданған сәттен бастап күшіне енеді);

22) өз құзыреті шегінде әкімнің шешімдері мен өкімдерінің, аудан әкімдігі қаулыларының жобаларын дайындау;

23) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де функцияларды жүзеге асыру.

3. Мемлекеттік органның бірінші басшысының мәртебесі, өкілеттігі

16. "Қостанай ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесіне басшылықты "Қостанай ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесіне жүктелген міндеттер мен міндеттердің орындалуына дербес жауапты болатын басшы жүзеге асырады.

17. "Қостанай ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің басшысын Қостанай ауданының әкімі қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

18. "Қостанай ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі басшысының өкілеттігі:

1) мемлекеттік органдарда және өзге де ұйымдарда "Қостанай ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесін білдіреді;

2) "Қостанай ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің жұмысын ұйымдастырады және басшылық етеді;

3) мемлекеттік қызметші болып табылмайтын аппарат қызметкерлерін қызметке тағайындайды, қызметтен босатады, еңбек туралы заңнамаға сәйкес тәртіптік жауапкершілікке тартады;

4) "Қостанай ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі қызметкерлерінің орындауы үшін міндетті бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді;

5) өз құзыреті шегінде қызметтік құжаттамаларға қол қояды;

6) өз құзыреті шегінде "Қостанай ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің ақшалай қаражатына иелік етеді, қаржылық құжаттарға қол қояды;

7) өз құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

"Қостанай ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін орындауды қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға жүзеге асырады.

4. Мемлекеттік органның мүлкі

19. "Қостанай ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болу мүмкін.

"Қостанай ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай - ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

20. "Қостанай ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесіне бекітілген мүлік коммуналдық меншікке жатады.

21. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, "Қостанай ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша

өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

5. Мемлекеттік органды қайта ұйымдастыру және тарату

22. "Қостанай ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесін қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Қостанай
ауданы әкімдігінің
2022 жылғы "12" шілдедегі
№ 522 қаулысымен
бекітілді

Қостанай ауданы әкімдігінің "Сәулет және қала құрылысы бөлімі" мемлекеттік мекемесі туралы ереже

1. Жалпы ережелер

1. Қостанай ауданы әкімдігінің "Сәулет және қала құрылысы бөлімі" мемлекеттік мекемесі сәулет және қала құрылысы саласында басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

2. Қостанай ауданы әкімдігінің "Сәулет және қала құрылысы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің ведомстволары жоқ.

3. Қостанай ауданы әкімдігінің "Сәулет және қала құрылысы бөлімі" мемлекеттік мекемесі өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай - ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4. Қостанай ауданы әкімдігінің "Сәулет және қала құрылысы бөлімі" мемлекеттік мекемесі мемлекеттік мекеме ұйымдық - құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай - ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

5. Қостанай ауданы әкімдігінің "Сәулет және қала құрылысы бөлімі" мемлекеттік мекемесі азаматтық - құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

6. Қостанай ауданы әкімдігінің "Сәулет және қала құрылысы бөлімі" мемлекеттік мекемесі егер заңнамаға сәйкес осыған уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық - құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

7. Қостанай ауданы әкімдігінің "Сәулет және қала құрылысы бөлімі" мемлекеттік мекемесі өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен

Қостанай ауданы әкімдігінің "Сәулет және қала құрылысы бөлімі" мемлекеттік мекемесі басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

8. Қостанай ауданы әкімдігінің "Сәулет және қала құрылысы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің құрылымы мен штат санының лимиті қолданыстағы заңнамаға сәйкес бекітіледі.

9. Заңды тұлғаның орналасқан жері: 111100, Қазақстан Республикасы, Қостанай облысы, Қостанай ауданы, Тобыл қаласы, Тәуелсіздік көшесі, 55 үй.

10. Мемлекеттік органның толық атауы - Қостанай ауданы әкімдігінің "Сәулет және қала құрылысы бөлімі" мемлекеттік мекемесі.

11. Осы Ереже Қостанай ауданы әкімдігінің "Сәулет және қала құрылысы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің құрылтай құжаты болып табылады.

12. Қостанай ауданы әкімдігінің "Сәулет және қала құрылысы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің қызметін қаржыландыру жергілікті бюджеттен жүзеге асырылады.

13. Қостанай ауданы әкімдігінің "Сәулет және қала құрылысы бөлімі" мемлекеттік мекемесіне кәсіпкерлік субъектілерімен Қостанай ауданы әкімдігінің "Сәулет және қала құрылысы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

Егер Қостанай ауданы әкімдігінің "Сәулет және қала құрылысы бөлімі" мемлекеттік мекемесіне заңнамалық актілермен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда осындай қызметтен алынған кірістер мемлекеттік бюджеттің кірісіне жіберіледі.

2. Мемлекеттік органның миссиясы, негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттері

14. Қостанай ауданы әкімдігінің "Сәулет және қала құрылысы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің миссиясы: ауданның сәулет және қала құрылысы қызметі саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру бойынша мемлекеттік басқаруды жүзеге асырады.

15. Міндеттері:

1) аудан аумағын кешенді әлеуметтік - экономикалық және сәулет - қала құрылысын дамытудың ағымдағы және перспективалық міндеттерін шешуге бағытталған сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы мемлекеттік саясатты жүргізу;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де міндеттер болып табылады.

16. Функциялар:

1) заңнамада белгіленген тәртіппен бекітілген аудан аумағының қала құрылысын жоспарлаудың кешенді схемасын (аудандық жоспарлау жобасын), ауылдық елді мекендердің бас жоспарларын іске асыру жөніндегі қызметті үйлестіру;

2) мемлекеттік қала құрылысы кадастрының дерекқорына енгізу үшін белгіленген тәртіппен Ақпарат және (немесе) мәліметтер беру;

3) аумақта жоспарланып отырған құрылыс салу не өзге де қала құрылысының өзгерістері туралы халықты хабардар ету болып табылады;

4) аудан, кенттер және өзге де ауылдық елді мекендер аумағының қала құрылысын дамыту схемаларын әзірлеуді ұйымдастыру және аудандық мәслихаттың бекітуіне ұсыну болып табылады;

5) елді мекендердің бекітілген бас жоспарларын (аумақтық даму схемаларын) дамыту үшін әзірленетін қала құрылысы жобаларын іске асыру;

6) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де функцияларды жүзеге асыру.

17. Құқықтары мен міндеттері:

1) өз құзыреті шегінде мемлекеттік органдардан және басқа да ұйымдардан қажетті ақпаратты, құжаттарды және өзге де материалдарды сұрату және алу;

2) өзінің құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша сотта талап қоюшы және жауапкер болуға құқығы бар;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де құқықтар мен міндеттерді жүзеге асырады.

3. Мемлекеттік органның қызметін ұйымдастыру

18. Қостанай ауданы әкімдігінің "Сәулет және қала құрылысы бөлімі" мемлекеттік мекемесіне басшылықты Қостанай ауданы әкімдігінің "Сәулет және қала құрылысы бөлімі" мемлекеттік мекемесіне жүктелген міндеттердің орындалуына және оның функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болатын бірінші басшы жүзеге асырады.

19. Қостанай ауданы әкімдігінің "Сәулет және қала құрылысы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысын Қостанай ауданының әкімі қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

20. Қостанай ауданы әкімдігінің "Сәулет және қала құрылысы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысының өкілеттігі:

қаржы құжаттарына бірінші қол қою құқығына ие, шарттар жасайды, сенімхаттар береді;

мекеменің барлық қызметкерлері үшін міндетті лауазымдық міндеттерді бөледі және бекітеді, бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді;

іссапарлар, тағылымдамалар, оқу орталықтарында оқыту және қызметкерлердің біліктілігін арттырудың өзге де түрлері бойынша тәртіп пен жоспарларды бекітеді;

жұмысқа қабылдайды және босатады, көтермелеу шараларын қабылдайды және тәртіптік жаза қолданады;

Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Қостанай ауданы әкімдігінің "Сәулет және қала құрылысы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін орындауды қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға жүзеге асырады.

4. Мемлекеттік органның мүлкі

21. Қостанай ауданы әкімдігінің "Сәулет және қала құрылысы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болу мүмкін.

Қостанай ауданы әкімдігінің "Сәулет және қала құрылысы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай - ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

22. Қостанай ауданы әкімдігінің "Сәулет және қала құрылысы бөлімі" мемлекеттік мекемесіне бекітілген мүлік коммуналдық меншікке жатады.

23. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, Қостанай ауданы әкімдігінің "Сәулет және қала құрылысы бөлімі" мемлекеттік мекемесі өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

5. Мемлекеттік органды қайта ұйымдастыру және тарату

24. Қостанай ауданы әкімдігінің "Сәулет және қала құрылысы бөлімі" мемлекеттік мекемесін қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Қостанай
ауданы әкімдігінің
2022 жылғы "12" шілдедегі
№ 522 қаулысымен
бекітілді

Қостанай ауданы әкімдігінің "Ішкі саясат бөлімі" мемлекеттік мекемесі туралы ереже

1. Жалпы ережелер

1. Қостанай ауданы әкімдігінің "Ішкі саясат бөлімі" ішкі саясат саласында басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

2. Қостанай ауданы әкімдігінің "Ішкі саясат бөлімі" мемлекеттік мекемесінің ведомствосы бар - Қостанай ауданы әкімдігінің "Жастар ресурстық орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

3. Қостанай ауданы әкімдігінің "Ішкі саясат бөлімі" мемлекеттік мекемесі өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті және Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай - ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4. Қостанай ауданы әкімдігінің "Ішкі саясат бөлімі" мемлекеттік мекемесі ұйымдық – құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары бар.

5. Қостанай ауданы әкімдігінің "Ішкі саясат бөлімі" мемлекеттік мекемесі азаматтық – құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

6. Қостанай ауданы әкімдігінің "Ішкі саясат бөлімі" мемлекеттік мекемесі егер заңнамаға сәйкес осыған уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық – құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

7. Қостанай ауданы әкімдігінің "Ішкі саясат бөлімі" мемлекеттік мекемесі өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен Қостанай ауданы әкімдігінің "Ішкі саясат бөлімі" мемлекеттік мекемесі басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған басқа да актілермен рәсімделетін шешімдер қабылдайды.

8. Қостанай ауданы әкімдігінің "Ішкі саясат бөлімі" мемлекеттік мекемесінің құрылымы мен штат санының лимиті қолданыстағы заңнамаға сәйкес бекітіледі.

9. Заңды тұлғаның орналасқан жері: 111100, Қазақстан Республикасы, Қостанай облысы, Қостанай ауданы, Тобыл қаласы, Школьная, 40.

10. Мемлекеттік органның толық атауы - Қостанай ауданы әкімдігінің "Ішкі саясат бөлімі" мемлекеттік мекемесі.

11. Осы Ереже Қостанай ауданы әкімдігінің "Ішкі саясат бөлімі" мемлекеттік мекемесінің құрылтай құжаты болып табылады.

12. Қостанай ауданы әкімдігінің "Ішкі саясат бөлімі" мемлекеттік мекемесінің қызметін қаржыландыру жергілікті бюджеттен жүзеге асырылады.

13. Қостанай ауданы әкімдігінің "Ішкі саясат бөлімі" мемлекеттік мекемесіне кәсіпкерлік субъектілермен Қостанай ауданы әкімдігінің "Ішкі саясат бөлімі" мемлекеттік мекемесінің функциялары болып табылатын міндеттерді орындауы үшін шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

Егер Қостанай ауданы әкімдігінің "Ішкі саясат бөлімі" мемлекеттік мекемесіне заңнамалық актілермен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда осындай қызметтен алынған кірістер мемлекеттік бюджеттің кірісіне жіберіледі.

2. Мемлекеттік органның миссиясы, негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттері

14. Миссиясы: Қостанай ауданы әкімдігінің "Ішкі саясат бөлімі" мемлекеттік мекемесі ішкі саясат саласында мемлекеттік саясатты және мемлекеттік басқару функцияларын жүзеге асыруға уәкілетті.

15. Міндеттері:

1) діни қызмет саласындағы мемлекеттік саясатты, мемлекеттік жастар саясатын, мемлекеттік ақпараттық саясатты іске асыру;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған өзге де міндеттер.

16. Функциялары:

1) діни, қоғамдық бірлестіктермен және саяси партиялармен өзара әрекеттеседі;

2) жастардың еріктілер қызметі және жастардың өзін - өзі басқаруының дамуына жәрдемдеседі;

3) жастардық аймақтық форумының өткізілуін қамтамасыз етеді;

4) қазақстандық патриотизмді, конфессияаралық келісім мен этносаралық толеранттылықты нығайту бойынша шаралар қолданады;

5) аудан аумағында Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздерінің қолданылуына (орнатылуына, орналастырылуына) бақылауды жүзеге асырады;

6) Қазақстан Республикасы Үкіметімен анықталатын тәртіпте мемлекеттік әлеуметтік тапсырыстың қалыптастырылуы мен іске асуын жүзеге асырады;

7) жастар істері жөніндегі мемлекеттік емес ұйымдармен өзара іс - қимыл жасасу жөніндегі кеңестерді құрады;

8) заңнамамен бекітілген жағдайлар мен тәртіпте әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамаларды толтырады;

9) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де функцияларды атқарады

.

17. Ведомствоның функциялары:

1) жастардың әлеуметтік - мәдени өміріндегі, шығармашылық, кәсіпкерлік, жеке дамуындағы жеке бастамаларын қолдау бойынша қызметті, оның ішінде, әлеуметтік қызметтерді, мемлекеттік емес секторды тарта отырып, бытыранқы жастармен жұмысты ұйымдастыру;

2) жергілікті деңгейдегі жастар ортасындағы жағдайдың мониторингі;

3) түрлі мәдени - ойын - сауық іс - шараларын, фестивальдарды, форумдарды, семинарларды өткізу;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де функцияларды жүзеге асырады.

18. Құқықтары мен міндеттері:

1) өз құзыреттілігі шегінде мемлекеттік органдар мен басқа ұйымдардан қажетті ақпаратты, құжаттарды және өзге де деректерді сұрату және алу;

2) оның құзыреттілігіне жататын мәселелер бойынша сотта талап қоюшы және жауапкер болуға құқығы бар;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де құқықтар мен міндеттерді жүзеге асырады.

3. Мемлекеттік органның қызметін ұйымдастыру

19. Қостанай ауданы әкімдігінің "Ішкі саясат бөлімі" мемлекеттік мекемесіне басшылық Қостанай ауданы әкімдігінің "Ішкі саясат бөлімі" мемлекеттік мекемесіне жүктелген міндеттердің орындалуына және оның функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапкершілікті көтеретін бірінші басшымен жүзеге асырылады.

20. Қостанай ауданы әкімдігінің "Ішкі саясат бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысын Қостанай ауданының әкімі қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

21. Қостанай ауданы әкімдігінің "Ішкі саясат бөлімі" мемлекеттік мекемесі бірінші басшысының өкілеттілігі:

қаржы құжаттарына бірінші қол қою құқығына ие, келісім - шарттарға қол қояды, сенімхаттарды береді;

лауазымдық міндеттерді бөліп береді және бекітеді, мекеменің барлық қызметкерлері үшін міндетті болып табылатын бұйрықтарды шығарады және нұсқауларды береді;

іссапар, тағылымдама, оқу орталықтарында оқытудан өту және қызметкерлерді біліктілігін арттырудың өзге де түрлері бойынша тәртіп пен жоспарларды бекітеді;

жұмысқа қабылдайды және жұмыстан босатады, көтермелеу шараларын қабылдайды және тәртіп жазаға тартады;

Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес өзге де өкілеттіліктерді жүзеге асырады.

Қостанай ауданы әкімдігінің "Ішкі саясат бөлімі" мемлекеттік мекемесі бірінші басшысының өкілеттіліктерін орындау ол болмаған кезеңде Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес оны алмастыратын тұлғамен жүзеге асырылады.

4. Мемлекеттік органның мүлкі

22. Қостанай ауданы әкімдігінің "Ішкі саясат бөлімі" мемлекеттік мекемесі заңнамамен қарастырылған жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауландырылған мүлікке ие бола алады.

Қостанай ауданы әкімдігінің "Ішкі саясат бөлімі" мемлекеттік мекемесінің мүлкі меншік иесімен табысталған мүлік, сондай - ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

23. Қостанай ауданы әкімдігінің "Ішкі саясат бөлімі" мемлекеттік мекемесіне бекітілген мүлік коммуналдық меншікке жатады.

24. Егер заңнамада басқасы қарастырылмаса, Қостанай ауданы әкімдігінің "Ішкі саясат бөлімі" мемлекеттік мекемесі өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша оған бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетінше мүлікті иесіздендіруге немесе өзге де тәсілмен оған өкім жүргізуге құқығы жоқ.

5. Мемлекеттік органды қайта ұйымдастыру және тарату

25. Қостанай ауданы әкімдігінің "Ішкі саясат бөлімі" мемлекеттік мекемесінің қайта ұйымдастырылуы және жойылуы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Қостанай
ауданы әкімдігінің
2022 жылғы "12" шілдедегі
№ 522 қаулысымен
бекітілді

Қостанай ауданы әкімдігінің "Тұрғын үй - коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесі туралы ереже

1. Жалпы ережелер

1. Қостанай ауданы әкімдігінің "Тұрғын үй - коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесі тұрғын үй - коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары саласында басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

2. Қостанай ауданы әкімдігінің "Тұрғын үй - коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің мынадай ведомствосы бар - "Тұрғын үй - коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің Қостанай ауданы әкімдігінің "Затобол жылу энергетикалық компаниясы" коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны.

3. Қостанай ауданы әкімдігінің "Тұрғын үй - коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесі өз

қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай - ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4. Қостанай ауданы әкімдігінің "Тұрғын үй - коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесі мемлекеттік мекеме ұйымдық - құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай - ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

5. Қостанай ауданы әкімдігінің "Тұрғын үй - коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесі азаматтық - құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

6. Қостанай ауданы әкімдігінің "Тұрғын үй - коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесі егер заңнамаға сәйкес осыған уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық - құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

7. Қостанай ауданы әкімдігінің "Тұрғын үй - коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесі өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен Қостанай ауданы әкімдігінің "Тұрғын үй - коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесі басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

8. Қостанай ауданы әкімдігінің "Тұрғын үй - коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің құрылымы мен штат санының лимиті қолданыстағы заңнамаға сәйкес бекітіледі.

9. Заңды тұлғаның орналасқан жері: 111100, Қазақстан Республикасы, Қостанай облысы, Қостанай ауданы, Тобыл қаласы, Тәуелсіздік көшесі, 63А.

10. Мемлекеттік органның толық атауы - Қостанай ауданы әкімдігінің "Тұрғын үй - коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесі.

11. Осы Ереже Қостанай ауданы әкімдігінің "Тұрғын үй - коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің құрылтай құжаты болып табылады.

12. Қостанай ауданы әкімдігінің "Тұрғын үй - коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің қызметін қаржыландыру жергілікті бюджеттен жүзеге асырылады.

13. Қостанай ауданы әкімдігінің "Тұрғын үй - коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесіне

кәсіпкерлік субъектілерімен Қостанай ауданы әкімдігінің "Тұрғын үй - коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

Егер Қостанай ауданы әкімдігінің "Тұрғын үй - коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесіне заңнамалық актілермен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда осындай қызметтен алынған кірістер мемлекеттік бюджеттің кірісіне жіберіледі.

2. Мемлекеттік органның миссиясы, негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттері

14. Міндеттері:

- 1) аудан тұрғын үй қатынастары, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары саласында мемлекеттік саясатты жүргізу;
- 2) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де міндеттер.

14. Өкілеттіктер:

Құқықтар:

- 1) өз құзыреті шегінде мемлекеттік органдардың лауазымды тұлғаларынан және басқа да ұйымдардан қажетті ақпаратты, құжаттарды және өзге де материалдарды сұрату және алу;
- 2) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де құқықтар мен міндеттерді жүзеге асыру;

Міндеттер:

- 1) аудан аумағында орналасқан ұйымдардың басшыларына өз құзыретіндегі мәселелер бойынша қажетті тапсырмалар беру;
- 2) тиісті аумақта басқару тиімділігін арттыру мәселелері бойынша басқа мемлекеттік басқару органдарымен, қоғамдық өзін - өзі басқару органдарымен және басқа да ұйымдармен өзара іс - қимыл жасау.

16. Функциялары:

- 1) коммуналдық тұрғын үй қорының сақталуын ұйымдастырады;
- 2) тұрғын үй қорына түгендеу жүргізеді;
- 3) тұрғын үй инспекциясының кондоминиум объектісін басқару органдарының тұрғын үй қорын сақтау және тиісінше пайдалану жөніндегі қызметін бақылау жөніндегі жұмысын ұйымдастырады;
- 4) жолаушылар мен багажды тұрақты ауданішілік автомобильмен тасымалдау маршруттарының тізілімін жүргізеді;
- 5) жолаушылар мен багажды таксимен тасымалдауды ұйымдастырады;

6) аудандық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарын, елді мекендердің көшелерін салу, реконструкциялау, жөндеу және күтіп ұстау жөніндегі жұмыстарды ұйымдастырады;

7) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтерді көрсетеді;

8) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де функцияларды жүзеге асырады.

Ведомствоның функциялары:

1) жылу энергиясын өндіру, беру, бөлу, жабдықтау жөніндегі қызметтері;

2) су шаруашылығы және кәріз жүйелерінің қызметтері;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де функцияларды жүзеге асырады.

17. Құқықтары мен міндеттері:

1) өз құзыреті шегінде мемлекеттік органдардан және басқа да ұйымдардан қажетті ақпараттар, құжаттар және өзге де материалдар сұрату және алу;

2) оның құзырына жатқызылған мәселелер бойынша сотта талапкер және жауапкер болуға құқылы;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де құқықтар мен міндеттерді жүзеге асырады.

3. Мемлекеттік органның қызметін ұйымдастыру

18. Қостанай ауданы әкімдігінің "Тұрғын үй - коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесі басшылықты Қостанай ауданы әкімдігінің "Тұрғын үй - коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесіне жүктелген міндеттердің орындалуына және оның функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болатын бірінші басшы жүзеге асырады.

19. Қостанай ауданы әкімдігінің "Тұрғын үй - коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің басшысын Қостанай ауданы әкімі қызметке тағайындады және қызметтен босатады.

20. Қостанай ауданы әкімдігінің "Тұрғын үй - коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің басшысының өкілеттігі:

1) мемлекеттік органдарда және өзге де ұйымдарда Қостанай ауданы әкімдігінің "Тұрғын үй - коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің білдіреді;

2) Қостанай ауданы әкімдігінің "Тұрғын үй - коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің жұмысын ұйымдастырады және басшылық етеді;

3) мемлекеттік қызметші болып табылмайтын аппарат қызметкерлерін қызметке тағайындайды, қызметтен босатады, еңбек туралы заңнамаға сәйкес тәртіптік жауапкершілікке тартады;

4) Қостанай ауданы әкімдігінің "Тұрғын үй - коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің қызметкерлерінің орындауы үшін міндетті бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді ;

5) өз құзыреті шегінде қызметтік құжаттамаларға қол қояды;

6) өз құзыреті шегінде Қостанай ауданы әкімдігінің "Тұрғын үй - коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің ақшалай қаражатына иелік етеді, қаржылық құжаттарға қол қояды;

7) өз құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Қостанай ауданы әкімдігінің "Тұрғын үй - коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға орындайды.

4. Мемлекеттік органның мүлкі

21. Қостанай ауданы әкімдігінің "Тұрғын үй - коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесі заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болу мүмкін.

Қостанай ауданы әкімдігінің "Тұрғын үй - коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай - ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді коса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

22. Қостанай ауданы әкімдігінің "Тұрғын үй - коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесіне бекітілген мүлік коммуналдық меншікке жатады.

23. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, Қостанай ауданы әкімдігінің "Тұрғын үй - коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесі өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

5. Мемлекеттік органды қайта ұйымдастыру және тарату

24. Қостанай ауданы әкімдігінің "Тұрғын үй - коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесін қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Қостанай
ауданы әкімдігінің
2022 жылғы "12" шілдедегі
№ 522 қаулысымен
бекітілді

Қостанай ауданы әкімдігінің "Жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі туралы ереже

1. Жалпы ережелер

1. Қостанай ауданы әкімдігінің "Жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі жер қатынастарын реттеу саласында басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

2. Қостанай ауданы әкімдігінің "Жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің ведомстволары жоқ.

3. Қостанай ауданы әкімдігінің "Жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай - ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4. Қостанай ауданы әкімдігінің "Жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі мемлекеттік мекеме ұйымдық - құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай - ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

5. Қостанай ауданы әкімдігінің "Жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі азаматтық - құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

6. Қостанай ауданы әкімдігінің "Жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі егер заңнамаға сәйкес осыған уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық - құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

7. Қостанай ауданы әкімдігінің "Жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен Қостанай ауданы әкімдігінің "Жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

8. Қостанай ауданы әкімдігінің "Жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің құрылымы мен штат санының лимиті қолданыстағы заңнамаға сәйкес бекітіледі.

9. Заңды тұлғаның орналасқан жері: 111100, Қазақстан Республикасы, Қостанай облысы, Қостанай ауданы, Тобыл қаласы, Тәуелсіздік көшесі, 55.

10. Мемлекеттік органның толық атауы - Қостанай ауданы әкімдігінің "Жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі.

11. Осы Ереже Қостанай ауданы әкімдігінің "Жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің құрылтай құжаты болып табылады.

12. Қостанай ауданы әкімдігінің "Жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің қызметін қаржыландыру жергілікті бюджетінен жүзеге асырылады.

13. Қостанай ауданы әкімдігінің "Жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесіне кәсіпкерлік субъектілерімен Қостанай ауданы әкімдігінің "Жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

Егер Қостанай ауданы әкімдігінің "Жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесіне заңнамалық актілермен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда осындай қызметтен алынған кірістер мемлекеттік бюджеттің кірісіне жіберіледі.

2. Мемлекеттік органның миссиясы, негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттері

14. Міндеттері:

1) жер учаскесіне меншік құқығы мен жер пайдалану құқығы туындауының, өзгертілуі мен тоқтатылуының негіздерін, шарттары мен шектерін, жер учаскелерінің меншік иелері мен жер пайдаланушылардың құқықтары мен міндеттерін жүзеге асыру тәртібін белгілеу;

2) жерді ұтымды пайдалану мен қорғауды, топырақ құнарлылығын ұдайы қалпына келтіріп отыруды, табиғи ортаны сақтау мен жақсартуды қамтамасыз ету мақсатында жер қатынастарын реттеу;

3) шаруашылық жүргізудің барлық нысандарын тең құқықпен дамыту үшін жағдайлар жасау;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де міндеттер.

15. Өкілеттіктер:

құқықтар:

1) өз құзыреті шегінде мемлекеттік органдардың лауазымды тұлғаларынан және басқа да ұйымдардан қажетті ақпаратты, құжаттарды және өзге де материалдарды сұрату және алу;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де құқықтар мен міндеттерді жүзеге асыру;

міндеттер:

1) аудан аумағында орналасқан ұйымдардың басшыларына өз құзыретіндегі мәселелер бойынша қажетті тапсырмалар беру;

2) тиісті аумақта басқару тиімділігін арттыру мәселелері бойынша басқа мемлекеттік басқару органдарымен, қоғамдық өзін - өзі басқару органдарымен және басқа да ұйымдармен өзара іс - қимыл жасау.

16. Функциялары:

1) жер қатынастарын реттеу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру;

2) мемлекет жеке меншікке сататын нақты жер учаскелерінің кадастрлық (бағалау) құнын бекіту;

3) жер учаскелерінің бөлінетіндігі мен бөлінбейтіндігін айқындау;

4) жерге орналастыруды жүргізуді ұйымдастыру және жер учаскелерін қалыптастыру жөніндегі жерге орналастыру жобаларын бекіту;

5) жерді аймақтарға бөлу жобаларын, жерді ұтымды пайдалану жөніндегі жобалары мен схемаларын әзірлеуді ұйымдастыру;

6) жер сауда - саттығын (конкурстар, аукциондар) жүргізуді ұйымдастыру;

7) жерді пайдалану мен қорғау мәселелерін қозғайтын аудандық маңызы бар жобалар мен схемаларға сараптама жүргізу;

8) жер учаскесін сатып алу - сату шарттары мен жалдау және жерді уақытша өтеусіз пайдалану шарттарын жасасу және жасалған шарттар талаптарының орындалуын бақылауды жүзеге асыру;

9) ауданның жергілікті атқарушы органының іздестіру жұмыстарын жүргізу үшін жер учаскелерін пайдалануға рұқсат беруі жөнінде ұсыныстар дайындау;

10) пайдаланылмай жатқан және Қазақстан Республикасының заңнамасын бұза отырып пайдаланылып жатқан жерді анықтау;

11) мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін мәжбүрлеп иеліктен шығару жөнінде ұсыныстар дайындау;

12) жер қатынастары бойынша жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарастыру;

13) мемлекеттік қызметтерді жүзеге асыру және көрсету;

14) ауданның жергілікті атқарушы органының жер учаскелерін беру және олардың нысаналы мақсатын өзгерту жөніндегі ұсыныстары мен шешімдерінің жобаларын дайындау;

15) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де функцияларды жүзеге асыру.

17. Құқықтары мен міндеттері:

1) өз құзыреті шегінде мемлекеттік органдардан және басқа да ұйымдардан қажетті ақпараттар, құжаттар және өзге де материалдар сұрату және алу;

2) оның құзырына жатқызылған мәселелер бойынша сотта талапкер және жауапкер болуға құқылы;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де құқықтар мен міндеттерді жүзеге асырады.

3. Мемлекеттік органның қызметін ұйымдастыру

18. Қостанай ауданы әкімдігінің "Жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі басшылықты Қостанай ауданы әкімдігінің "Жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесіне жүктелген міндеттердің орындалуына және оның функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болатын басшы жүзеге асырады.

19. Қостанай ауданы әкімдігінің "Жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің басшысын Қостанай ауданы әкімі қызметке тағайындады және қызметтен босатады.

20. Қостанай ауданы әкімдігінің "Жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің басшысының өкілеттігі:

1) мемлекеттік органдарда және өзге де ұйымдарда Қостанай ауданы әкімдігінің "Жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің білдіреді;

2) Қостанай ауданы әкімдігінің "Жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің жұмысын ұйымдастырады және басшылық етеді;

3) мемлекеттік қызметші болып табылмайтын аппарат қызметкерлерін қызметке тағайындайды, қызметтен босатады, еңбек туралы заңнамаға сәйкес тәртіптік жауапкершілікке тартады;

4) Қостанай ауданы әкімдігінің "Жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің қызметкерлерінің орындауы үшін міндетті бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді ;

5) өз құзыреті шегінде қызметтік құжаттамаларға қол қояды;

6) өз құзыреті шегінде Қостанай ауданы әкімдігінің "Жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің ақшалай қаражатына иелік етеді, қаржылық құжаттарға қол қояды;

7) өз құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады Қостанай ауданы әкімдігінің "Жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға орындайды.

4. Мемлекеттік органның мүлкі

21. Қостанай ауданы әкімдігінің "Жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болу мүмкін.

Қостанай ауданы әкімдігінің "Жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай - ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді коса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

22. Қостанай ауданы әкімдігінің "Жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесіне бекітілген мүлік коммуналдық меншікке жатады.

23. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, Қостанай ауданы әкімдігінің "Жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

5. Мемлекеттік органды қайта ұйымдастыру және тарату

24. Қостанай ауданы әкімдігінің "Жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Қостанай
ауданы әкімдігінің
2022 жылғы "12" шілдедегі
№ 522 қаулысымен
бекітілді

Қостанай ауданы әкімдігінің "Мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесі туралы ереже

1. Жалпы ережелер

1. Қостанай ауданы әкімдігінің "Мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесі мәдениет және тілдерді дамыту саласында басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

2. Қостанай ауданы әкімдігінің "Мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесінің мынадай ведомстволары бар:

1) Қостанай ауданы әкімдігінің "Мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Қостанай аудандық орталықтандырылған кітапхана жүйесі" мемлекеттік мекемесі;

2) Қостанай ауданы әкімдігінің "Мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Мәдени - демалыс орталығы" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорыны;

3) "Қостанай ауданы әкімдігінің аудандық тілдерді оқыту орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

3. Қостанай ауданы әкімдігінің "Мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесі өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4. Қостанай ауданы әкімдігінің "Мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесі мемлекеттік мекеме ұйымдық - құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

5. Қостанай ауданы әкімдігінің "Мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесі азаматтық - құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

6. Қостанай ауданы әкімдігінің "Мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесі егер заңнамаға сәйкес осыған уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

7. Қостанай ауданы әкімдігінің "Мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесі өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен Қостанай ауданы әкімдігінің "Мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесі басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

8. Қостанай ауданы әкімдігінің "Мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесінің құрылымы мен штат санының лимиті қолданыстағы заңнамаға сәйкес бекітіледі.

9. Заңды тұлғаның орналасқан жері: 111100, Қазақстан Республикасы, Қостанай облысы, Қостанай ауданы, Тобыл қаласы, Тәуелсіздік көшесі, 61А.

10. Мемлекеттік органның толық атауы - Қостанай ауданы әкімдігінің "Мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесі.

11. Осы Ереже Қостанай ауданы әкімдігінің "Мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесінің құрылтай құжаты болып табылады.

12. Қостанай ауданы әкімдігінің "Мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесінің қызметін қаржыландыру жергілікті бюджеттен жүзеге асырылады.

13. Қостанай ауданы әкімдігінің "Мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесіне кәсіпкерлік субъектілерімен Қостанай ауданы әкімдігінің "Мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесінің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

Егер Қостанай ауданы әкімдігінің "Мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесіне заңнамалық актілермен кірістер әкелетін қызметті жүзеге

асыру құқығы берілсе, онда осындай қызметтен алынған кірістер мемлекеттік бюджеттің кірісіне жіберіледі.

2. Мемлекеттік органның миссиясы, негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттері

14. Қостанай ауданы әкімдігінің "Мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесінің миссиясы: Қостанай ауданының аумағында мәдениет және тілдерді дамыту саласындағы мемлекеттік саясаттың іске асырылуын жүзеге асырады.

15. Міндеттері:

- 1) мәдениет саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру;
- 2) тілдерді үйрену мен дамыту үшін жағдай жасау;
- 3) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де міндеттер.

16. Функциялары:

1) мәдени құндылықтарды есепке алу, қорғау және пайдалану жөніндегі жұмысты ұйымдастырады;

2) ауданның сауықтық мәдени - бұқаралық іс - шараларын, сондай - ақ әуесқой шығармашылық бірлестіктер арасында байқаулар, фестивальдер және конкурстар өткізуді жүзеге асырады;

3) мемлекеттік және басқа тілдерді дамытуға бағытталған аудандық деңгейдегі іс - шараларды жүргізеді;

4) облыстардың атқарушы органдарына ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтерге атау беру және қайта атау, сондай-ақ олардың атауларының транскрипциясын өзгерту туралы ұсыныстар енгізеді;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де функцияларды жүзеге асырады;

6) уәкілетті органмен келісім бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен ауданның, облыстық маңызы бар қаланың театр, музыка өнері және кино өнері, кітапхана және музей дела, мәдени - демалыс қызметі саласындағы мемлекеттік мәдениет ұйымдарын құрады, қайта ұйымдастырады, таратады;

7) ауданның, облыстық маңызы бар қаланың мемлекеттік мәдениет ұйымдарының театр, музыка өнері және кино өнері, кітапхана және музей дела, мәдени - демалыс қызметі саласындағы қызметін қолдайды және үйлестіреді;

8) ауданның, облыстық маңызы бар қаланың мемлекеттік мәдениет ұйымдарын аттестаттаудан өткізеді;

9) өз құзыреті шегінде мәдениет саласындағы коммуналдық меншікті басқаруды жүзеге асырады;

10) ауданның, облыстық маңызы бар қаланың мәдени мақсаттағы объектілерін салу, қайта жаңарту және жөндеу бойынша тапсырыс беруші болады;

11) мемлекеттік мәдениет ұйымдарын материалдық - техникалық қамтамасыз етуге қолдау көрсетеді және жәрдемдеседі;

12) ауданның, облыстық маңызы бар қаланың мемлекеттік кітапханаларының біріне "Орталық" мәртебесін береді;

13) бюджет қаражатының көлемі шегінде балалар мен жасөспірімдерге арналған шығармашылық үйірмелерді қаржыландыруға арналған мемлекеттік шығармашылық тапсырысты бекітеді;

14) балалар мен жасөспірімдерге арналған шығармашылық үйірмелерде мемлекеттік шығармашылық тапсырысты мемлекеттік шығармашылық тапсырыс қызметтерін жеткізушілердің меншік нысанына, олардың ведомстволық бағыныстылығына, түрлері мен түрлеріне қарамастан орналастыруды қамтамасыз етеді ;

15) мемлекеттік шығармашылық тапсырысты орналастырудың, сапаны бақылаудың және нысаналы игерудің барлық кезеңдері мен рәсімдерінің электрондық және жалпыға қолжетімді форматтарда орындалуын қамтамасыз етеді;

16) тиісті аумақта орналасқан мәдениет ұйымдарының қызметіне мониторингті жүзеге асырады және облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың жергілікті атқарушы органына белгіленген нысандағы ақпаратты, сондай-ақ статистикалық есептерді ұсынады;

17) тарихи - мәдени мұраны сақтау жөніндегі жұмысты ұйымдастырады, тарихи, ұлттық және мәдени дәстүрлер мен әдет - ғұрыптарды дамытуға жәрдемдеседі;

18) "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес аудандық маңызы бар қалада, ауылда, кентте маңдайшаны орналастыру туралы хабарламаларды қабылдауды және қарауды жүзеге асырады.

Ведомстволардың функциялары:

1) кітапханалық қызметтерді ұсыну;

2) мәдени - ағартушылық қызметті жүзеге асыру;

3) Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілін, ағылшын және басқа тілдерді оқытуды ұйымдастыру;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де функцияларды жүзеге асыру.

Ескерту. 16-тармаққа өзгерістер енгізілді - Қостанай облысы Қостанай ауданы әкімдігінің 22.12.2025 № 734 қаулысымен (22.01.2026 бастап қолданысқа енгізіледі).

17. Құқықтары мен міндеттері:

1) өз құзыреті шегінде мемлекеттік органдардан және басқа да ұйымдардан қажетті ақпараттар, құжаттар және өзге де материалдар сұрату және алу;

2) оның құзырына жатқызылған мәселелер бойынша сотта талапкер және жауапкер болуға құқылы;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де құқықтар мен міндеттерді жүзеге асырады.

3. Мемлекеттік органның қызметін ұйымдастыру

18. Қостанай ауданы әкімдігінің "Мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесі басшылықты Қостанай ауданы әкімдігінің "Мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесіне жүктелген міндеттердің орындалуына және оның функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болатын бірінші басшы жүзеге асырады.

19. Қостанай ауданы әкімдігінің "Мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысын Қостанай ауданы әкімі қызметке тағайындады және қызметтен босатады.

20. Қостанай ауданы әкімдігінің "Мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысының өкілеттігі:

қаржылық құжаттарда бірінші қол қою құқығы бар, шарттар жасасады, сенімхаттар береді;

лауазымдық міндеттерін бөледі және бекітеді, мекеменің барлық қызметкерлері үшін міндетті бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді;

іссапарлар, тағылымдамалар, оқу орталықтарында оқыту және қызметкерлердің біліктілігін көтерудің өзге де түрлері жөніндегі тәртібі мен жоспарларын бекітеді;

жұмысқа қабылдайды және босатады, көтермелеу шараларын қолданады және тәртіптік жаза қолданады;

Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес өзге де өкілеттікті жүзеге асырады.

Қостанай ауданы әкімдігінің "Мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға орындайды.

4. Мемлекеттік органның мүлкі

21. Қостанай ауданы әкімдігінің "Мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесі заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болу мүмкін.

Қостанай ауданы әкімдігінің "Мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесінің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді коса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

22. Қостанай ауданы әкімдігінің "Мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесіне бекітілген мүлік коммуналдық меншікке жатады.

23. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, Қостанай ауданы әкімдігінің "Мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесі өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

5. Мемлекеттік органды қайта ұйымдастыру және тарату

24. Қостанай ауданы әкімдігінің "Мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесін қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Қостанай
ауданы әкімдігінің
2022 жылғы "12" шілдедегі
№ 522 қаулысымен
бекітілді

Қостанай ауданы әкімдігінің "Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі туралы ереже

Ескерту. Ереже жаңа редакцияда - Қостанай облысы Қостанай ауданы әкімдігінің 31.10.2023 № 933 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

1. Жалпы ережелер

1. Қостанай ауданы әкімдігінің "Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар саласында басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

2. Қостанай ауданы әкімдігінің "Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай - ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3. Қостанай ауданы әкімдігінің "Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі мемлекеттік мекеме ұйымдық - құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай - ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

4. Қостанай ауданы әкімдігінің "Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі азаматтық - құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

5. Қостанай ауданы әкімдігінің "Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі егер заңнамаға сәйкес осыған уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық - құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

6. Қостанай ауданы әкімдігінің "Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен Қостанай ауданы әкімдігінің "Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

7. Қостанай ауданы әкімдігінің "Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесінің құрылымы мен штат санының лимиті қолданыстағы заңнамаға сәйкес бекітіледі.

8. Заңды тұлғаның орналасқан жері: 111100, Қазақстан Республикасы, Қостанай облысы, Қостанай ауданы, Тобыл қаласы, Қазақ көшесі, 5.

9. Мемлекеттік органның толық атауы - Қостанай ауданы әкімдігінің "Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі.

10. Осы Ереже Қостанай ауданы әкімдігінің "Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесінің құрылтай құжаты болып табылады.

11. Қостанай ауданы әкімдігінің "Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесінің қызметін қаржыландыру жергілікті бюджетінен жүзеге асырылады.

12. Қостанай ауданы әкімдігінің "Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесінің кәсіпкерлік субъектілерімен Қостанай ауданы әкімдігінің "Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесінің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

Егер Қостанай ауданы әкімдігінің "Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесіне заңнамалық актілермен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда осындай қызметтен алынған кірістер мемлекеттік бюджеттің кірісіне жіберіледі.

2. Мемлекеттік органның миссиясы, негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттері

13. Қостанай ауданы әкімдігінің "Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесінің миссиясы: аудан халқының әлеуметтік қорғау саласын дамытуда және жетілдіруде жәрдемдесу бойынша мемлекеттік саясатын іске асыру бойынша жергілікті мемлекеттік басқару функцияларын жүзеге асырады.

14. Міндеттері:

- 1) халықты әлеуметтік қорғау саласындағы мемлекеттік саясатын іске асыру;
- 2) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік қызметтер мен әлеуметтік көмек көрсетуді ұйымдастыру және үйлестіру;
- 3) қолданыстағы заңнамаға сәйкес халықтың әлеуметтік қауқарсыз топтарының құқықтары мен әлеуметтік кепілдіктерін қамтамасыз ету;
- 4) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де міндеттер.

15. Функциялары:

- 1) халықты әлеуметтік қорғау саясатын іске асыру мақсатында нормативтік құқықтық актілер жобасын әзірлейді;
- 2) жұмыспен қамтуда жәрдемдесуді қамтамасыз ететін, іс-шараларды өз құзыреті шегінде іске асырады;
- 3) қолданыстағы заңнамаға сәйкес әлеуметтік бағдарламаларды іске асырады және бюджеттік қаражат қажеттілігін болжайды;
- 4) өмірлік қиын жағдайдың туындауына байланысты әлеуметтік көмек көрсетуге үміткер адамдардың (отбасылардың) өтініштерін қарау және әлеуметтік көмек көрсету қажеттілігі туралы қорытындылар шығару бойынша арнайы комиссияның жұмыс органының функцияларын жүзеге асырады;
- 5) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтерді көрсетеді;
- 6) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген құзыреті шеңберінде әрекетке қабілетсіз немесе әрекетке қабілеті шектеулі кәмелетке толған адамдарға қатысты қорғаншылық және қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асырады;
- 7) коммерциялық емес (үкіметтік емес) ұйымдармен өзара іс-қимыл жасайды;
- 8) Халықты жұмыспен қамтуға жәрдемдесуді қамтамасыз ету мақсатында "Қостанай облысы бойынша еңбек ресурстарының ұтқырлығы орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің "Қостанай ауданының Мансап орталығы" филиалымен өзара іс-қимыл жасайды;
- 9) құзыреті шегінде арнайы әлеуметтік қызметті ұсыну саласындағы мемлекеттік саясатты іске асырады;
- 10) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де функцияларды жүзеге асырады.

16. Құқықтары мен міндеттері:

- 1) өз құзыреті шегінде статистика органдарынан, жергілікті мемлекеттік басқару органдарынан, барлық меншік нысанындағы шаруашылық жүргізуші субъектілерден және басқа да ұйымдардан заңнамада белгіленген тәртіппен қажетті ақпараттық материалдарды сұрату және алу;

2) оның құзырына жатқызылған мәселелер бойынша сотта талапкер және жауапкер болуға құқылы;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де құқықтар мен міндеттерді жүзеге асырады.

3. Мемлекеттік органның қызметін ұйымдастыру

17. Қостанай ауданы әкімдігінің "Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесінің басшылығы Қостанай ауданы әкімдігінің "Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесіне жүктелген міндеттердің орындалуына және оның функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болатын бірінші басшы жүзеге асырады.

18. Қостанай ауданы әкімдігінің "Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысын Қостанай ауданының әкімі қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

19. Қостанай ауданы әкімдігінің "Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі бірінші басшысының өкілеттігі:

қаржылық құжаттарда бірінші қол қою құқығы бар, шарттар жасасады, сенімхаттар береді;

қызметкерлер міндеттерін бөледі және бекітеді, мекеменің барлық қызметкерлері үшін міндетті бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді;

іссапарлар, тағылымдамалар, қызметкерлерді оқу орталықтарында оқыту және қызметкерлердің біліктілігін көтерудің өзге де түрлері жөніндегі тәртібі мен жоспарларын бекітеді;

жұмысқа қабылдайды және босатады, көтермелеу шараларын қолданады және тәртіптік жаза қолданады;

Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес өзге де өкілеттікті жүзеге асырады.

Қостанай ауданы әкімдігінің "Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысы болмаған кезеңде, оның өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға орындайды.

4. Мемлекеттік органның мүлкі

20. Қостанай ауданы әкімдігінің "Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болу мүмкін.

Қостанай ауданы әкімдігінің "Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай - ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және

Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

21. Қостанай ауданы әкімдігінің "Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесіне бекітілген мүлік коммуналдық меншікке жатады.

22. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, Қостанай ауданы әкімдігінің "Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

5. Мемлекеттік органды қайта ұйымдастыру және тарату

23. Қостанай ауданы әкімдігінің "Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Қостанай
ауданы әкімдігінің
2022 жылғы "12" шілдедегі
№ 522 қаулысымен
бекітілді

Қостанай ауданы әкімдігінің "Кәсіпкерлік бөлімі" мемлекеттік мекемесі туралы ереже

1. Жалпы ережелер

1. Қостанай ауданы әкімдігінің "Кәсіпкерлік бөлімі" мемлекеттік мекемесі әкімнің және Қостанай ауданының жергілікті атқарушы органының қызметін қамтамасыз ету саласында басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

2. Қостанай ауданы әкімдігінің "Кәсіпкерлік бөлімі" мемлекеттік мекемесінің ведомстволары жоқ.

3. Қостанай ауданы әкімдігінің "Кәсіпкерлік бөлімі" мемлекеттік мекемесі өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4. Қостанай ауданы әкімдігінің "Кәсіпкерлік бөлімі" мемлекеттік мекемесі ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

5. Қостанай ауданы әкімдігінің "Кәсіпкерлік бөлімі" мемлекеттік мекемесі азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

6. Қостанай ауданы әкімдігінің "Кәсіпкерлік бөлімі" мемлекеттік мекемесі егер заңнамаға сәйкес осыған уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

7. Қостанай ауданы әкімдігінің "Кәсіпкерлік бөлімі" мемлекеттік мекемесі өз құзыретіндегі мәселелер бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен "Қостанай ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

8. Қостанай ауданы әкімдігінің "Кәсіпкерлік бөлімі" мемлекеттік мекемесінің құрылымы мен штат санының лимиті қолданыстағы заңнамаға сәйкес бекітіледі.

9. Заңды тұлғаның орналасқан жері: 111100, Қазақстан Республикасы, Қостанай облысы, Қостанай ауданы, Тобыл қаласы, Тәуелсіздік көшесі, 65.

Мемлекеттік органның толық атауы Қостанай ауданы әкімдігінің "Кәсіпкерлік бөлімі" мемлекеттік мекемесі

10. Осы Ереже Қостанай ауданы әкімдігінің "Кәсіпкерлік бөлімі" мемлекеттік мекемесінің құрылтай құжаты болып табылады.

11. Қостанай ауданы әкімдігінің "Кәсіпкерлік бөлімі" мемлекеттік мекемесінің қызметін қаржыландыру жергілікті бюджеттен жүзеге асырылады.

12. Қостанай ауданы әкімдігінің "Кәсіпкерлік бөлімі" мемлекеттік мекемесіне кәсіпкерлік субъектілерімен Қостанай ауданы әкімдігінің "Кәсіпкерлік бөлімі" мемлекеттік мекемесінің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

Егер Қостанай ауданы әкімдігінің "Кәсіпкерлік бөлімі" мемлекеттік мекемесіне заңнамалық актілермен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда осындай қызметтен алынған кірістер мемлекеттік бюджеттің кірісіне жіберіледі.

2. Мемлекеттік органның міндеттері мен өкілеттіктері

13. Міндеттері:

1) жеке кәсіпкерлікті дамыту үшін қолайлы жағдайлар жасау және мемлекеттің мүдделерін қорғау;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де міндеттер.

14. Функциялары:

1) жеке кәсіпкерлікті дамыту үшін жағдайлар жасайды;

2) сараптама кеңестерінің қызметін ұйымдастырады;

3) жергілікті деңгейде жеке кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдауды қамтамасыз етеді;

4) аудан аумағында туристік қызмет саласындағы мемлекеттік саясатты іске асырады және үйлестіруді жүзеге асырады;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де функцияларды жүзеге асырады;

6) әлеуметтік маңызы бар азық - түлік тауарларына рұқсат етілген шекті бөлшек сауда бағалары мөлшерінің сақталуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;

7) әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына сауда үстемесі мөлшерінің сақталуына бақылауды жүзеге асыру.

16. Өкілеттіктер:

құқықтар:

1) өз құзыреті шегінде мемлекеттік органдардың лауазымды тұлғаларынан және басқа да ұйымдардан қажетті ақпаратты, құжаттарды және өзге де материалдарды сұрату және алу;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де құқықтар мен міндеттерді жүзеге асыру;

міндеттер:

1) аудан аумағында орналасқан ұйымдардың басшыларына өз құзыретіндегі мәселелер бойынша қажетті тапсырмалар беру;

2) тиісті аумақта басқару тиімділігін арттыру мәселелері бойынша басқа мемлекеттік басқару органдарымен, қоғамдық өзін - өзі басқару органдарымен және басқа да ұйымдармен өзара іс - қимыл жасау.

3. Мемлекеттік органның қызметін ұйымдастыру

17. Қостанай ауданы әкімдігінің "Кәсіпкерлік бөлімі" мемлекеттік мекемесі басшылықты Қостанай ауданы әкімдігінің "Кәсіпкерлік бөлімі" мемлекеттік мекемесіне жүктелген міндеттердің орындалуына және оның функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болатын басшы жүзеге асырады.

18. Қостанай ауданы әкімдігінің "Кәсіпкерлік бөлімі" мемлекеттік мекемесінің басшысын Қостанай ауданы әкімі қызметке тағайындады және қызметтен босатады.

19. Қостанай ауданы әкімдігінің "Кәсіпкерлік бөлімі" мемлекеттік мекемесінің басшысының өкілеттігі:

1) мемлекеттік органдарда және өзге де ұйымдарда Қостанай ауданы әкімдігінің "Кәсіпкерлік бөлімі" мемлекеттік мекемесінің мемлекеттік мекемесін білдіреді;

2) Қостанай ауданы әкімдігінің "Кәсіпкерлік бөлімі" мемлекеттік мекемесінің жұмысын ұйымдастырады және басшылық етеді;

3) мемлекеттік қызметші болып табылмайтын аппарат қызметкерлерін қызметке тағайындайды, қызметтен босатады, еңбек туралы заңнамаға сәйкес тәртіптік жауапкершілікке тартады;

4) Қостанай ауданы әкімдігінің "Кәсіпкерлік бөлімі" мемлекеттік мекемесінің қызметкерлерінің орындауы үшін міндетті бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді ;

5) өз құзыреті шегінде қызметтік құжаттамаларға қол қояды;

6) өз құзыреті шегінде Қостанай ауданы әкімдігінің "Кәсіпкерлік бөлімі" мемлекеттік мекемесінің ақшалай қаражатына иелік етеді, қаржылық құжаттарға қол қояды;

7) өз құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Қостанай ауданы әкімдігінің "Кәсіпкерлік бөлімі" мемлекеттік мекемесінің басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін орындауды қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға жүзеге асырады.

4. Мемлекеттік органның мүлкі

20. Қостанай ауданы әкімдігінің "Кәсіпкерлік бөлімі" мемлекеттік мекемесі заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болу мүмкін.

Қостанай ауданы әкімдігінің "Кәсіпкерлік бөлімі" мемлекеттік мекемесінің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді коса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

21. Қостанай ауданы әкімдігінің "Кәсіпкерлік бөлімі" мемлекеттік мекемесіне бекітілген мүлік коммуналдық меншікке жатады.

22. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, Қостанай ауданы әкімдігінің "Кәсіпкерлік бөлімі" мемлекеттік мекемесі өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

